

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

БЕКІТЕМІН
Ғылыми кеңес төрағасы,
ҚарМУ ректоры
_____ **Ғазалиев А.М.**
« ____ » _____ **2016 ж.**

СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША
ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

SZh (I) 1311 «Сәулеттік жобалау I» пәні
SZhN 7 «Сәулеттік жобалау негіздері» модулі

5B042000 «Сәулет» мамандығы

Сәулет-құрылыс факультеті

«Дизайн, сәулет және қолданбалы механика» кафедрасы

2016

АЛҒЫ СӨЗ

Студентке арналған пән бойынша оқыту бағдарламасын (syllabus) әзірлегендер:
аға оқытушылар Маштакова Елена Константиновна, Сүйіндіков Есенкелді
Төлеуқұлұлы, Гомарова Бакит Мукашевна.

ДСЖҚМ кафедрасының отырысында талқыланған

« ____ » _____ 2016 ж. № ____ хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Иманов М.О. « ____ » _____ 2016 ж.

Сәулет- құрылыс факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдаған

« ____ » _____ 2016 ж. № ____ хаттама.

Төраға _____ Орынтаева Г.Ж. « ____ » _____ 2016 ж.

Оқытушылар туралы мәліметтер және қатынас ақпараттары

Маштакова Елена Константиновна, аға оқытушы, ҚР сәулетшілер одағының мүшесі, Сүйіндіков Есенкелді Төлеуқұлұлы, аға оқытушы, Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі

ДСЖҚМ кафедрасы ҚарМТУ-нің №1 ғимаратында орналасқан (Қарағанды қ. Бейбітшілік б., 56), 178 дәрісхана, байланыс телефоны 56-59-32, қосу 2070, e-mail: kstu@mail.ru.

Пәннің еңбек көлемділігі

| Оқылу түрі | Семестрі | Кредиттер саны/ | ECTS | Сабақ түрі | | | | | СӨЖ сағаттары саны | Жалпы сағат саны | Бақылау түрі |
|--------------|----------|-----------------|------|---------------------------|----------------------|-----------------------|--------------------|----------------------|--------------------|------------------|--------------|
| | | | | Қатынас сабақтарының саны | | | СӨЖ сағаттары саны | Барлық сағаттар саны | | | |
| | | | | Дәрістер | Практикалық сабақтар | Зертхана-лық сабақтар | | | | | |
| Толық | 2 | 3 | 5 | 15 | 30 | - | 45 | 90 | 45 | 135 | Емтихан, КЖ |
| Қысқартылған | 1 | 3 | 5 | 15 | 30 | - | 45 | 90 | 45 | 135 | Емтихан |

Пән сипаттамасы

«Сәулеттік жобалау І» пәні күндізгі оқыту түріндегі 5В042000 «Сәулет» мамандығы бойынша бакалаврлерді дайындаудағы базалық пәндерінің циклына жатады.

Пәннің мақсаты

«Сәулеттік жобалау І» пәнінің мақсаты студенттерге аялдама павильоны, дүңгіршек типіндегі кіші нысандарды дайындау мысалында сәулеттік ғимарат туралы жаңа кәсіби түсініктерін меңгеру болып табылады. Студенттер жұмыс барысында жобалау әдістемесімен танысып, қарапайым сәулеттік элементтерді, пішіндерді талдау әдістемесін және стильдік ерекшеліктерді меңгереді. Бұнда берілген ғимарат жобаланатын сәулеттік ортаны зерделеуге, қала салушылық жағдайларды ескере білуге ерекше маңыз беріледі.

Пәннің міндеттері

«Сәулеттік жобалау І» пәнінің міндеттері:

- студентті орналасатын жер теліміне жобаланушы нысанды сауатты орналастыруға; кішірек ғимараттарды оларды қоршаған орта мен ондай типтегі нысандарға қойылатын конструкциялық талаптарды ескере жобалауға, оның сыртқы пішінін іздеуге үйрету, болашақ кәсіби қызметтеріне қажетті білімдер

мен іскерліктерді қалыптастыру.

Пәнді меңгеру барысында студент:

түсінігі болуы қажет:

- нақтылы қызметтік-жоспарлық құрылымға ие кеңістіктің композициялық үлгісі ретінде кіші сәулеттік пішінді жобалау үдерісі туралы;

білуі қажет:

- тәжірибе жүзінде сәулеттік ғимараттарды жобалау үдерісіне қойылатын талаптарды;

- сәулетшінің негізгі кәсіби қызметтерін;

іскерлігі болуы қажет:

- меңгерген білімдері, іскерліктері мен дағдыларын өзінің кәсіби қызметінде пайдалана білу;

- жоғары шығармашылықты сәулеттік-көркем мәнерлілікті қамтамасыз ететін негізгі заңдылықтарды, амалдар мен құралдарды айқындау;

- құрылыс пен сәулет салаларындағы ғылыми жетістіктерді пайдалану;

- жаңа ақпараттардың астарын ашу мен оның маңызын түсіне білу;

тәжірибелік дағдыларды меңгеру:

- композициялық және сәулеттік графикалық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оларды нормативтік және анықтамалық әдебиеттермен байланыста КСП жобалау;

- демонстрациялық сызбаларды безендіру;

- жұмыстық және демонстрациялық макеттерді дайындау үшін макеттеу амалдарын меңгеру.

Пререквизиттер

Берілген пәнді игеру үшін келесі пәндер меңгерілуі қажет (тараулары (тақырыптары) көрсетіліп):

| Пәннің атауы | Тараулардың (тақырыптың) атауы |
|-------------------------|--------------------------------|
| 1. Сәулеттік композиция | Барлық тараулары |

Постреквизиттер

«Сәулеттік жобалау I» пәнін меңгеру барысында алған білімдер «Сәулеттік жобалау II» пәнін игеруде қолданылады

Пәннің тақырыптық жоспары

| Тараудың (тақырыптың) атауы | Сабақтардың түрлері бойынша еңбек көлемділігі, сағ | | | | |
|---|--|-------------|-------------|------|-----|
| | Дәрістер | Практикалық | Зертханалық | СОӨЖ | СӨЖ |
| 1 Кіші сәулеттік пішіндердің қызметтері мен жіктелуі | 1 | 2 | - | 3 | 3 |
| 2 Әшекейлік қызметтердегі КСП | 3 | 8 | - | 12 | 12 |
| 3 Утилитарлық қызметтегі КСП | 8 | 20 | - | 30 | 30 |
| 4 Сыртқы жарнама және визуальдік коммуникация құралдары | 3 | - | - | - | - |
| Барлығы | 15 | 30 | - | 45 | 45 |

Практикалық (семинарлық) сабақтар тізімі

- 1 «Монумент» тақырыбына көлемді клаузура
- 2 «Монумент» тақырыбына графикалық клаузура жасау
- 3 Монументтің эскизін дайындау
- 4 Монументтің сызбаларын дайындау
- 5 «Монумент» тақырыбыны фор-жоба
- 6 «Аялдама павильоны» тақырыбына көлемді клаузура
- 7 Аялдама павильонына эскиздер дайындау
- 8 Аялдама павильонына сызбаларын орындау
- 9 Аялдама павильоны» жобасын сәулеттік безендендіру

Зертханалық сабақтар тізімі

Оқу жоспары бойынша зертханалық сабақтар қарастырылмаған

Курстық жобалар (жұмыстар) тақырыбы

1. Аялдама павильоны

СӨЖ–на арналған бақылау тапсырмаларының тақырыптары

- 1 «Кіші сәулеттік пішіндерді жобалау» тақырыбы бойынша материалдар іздестіру (көшірмелер, эскиздер, ксерекстер жасау)
2. Пән бойынша әдістемелік материалдарды игеру.
3. Жобалау нысаны орналасуы мүмкін жермен танысу, ұқсас нысандарға бару
4. Фор-жобаның нұсқаларын орындау мен безендіру техникасы.
5. «Бейне – сәулеттік пішін» макетін орындау
6. «Сәндік сулық құрылғылар» тақырыбы бойынша аналогтар таңдау және оларға талдау жасау
7. «Рельефті ұйымдастыратын және аймақтың жекелеген жер телімдерін безендіретін КСП» тақырыбы бойынша материалдарды таңдау және талдау
8. «Жалпылай пайдалануға арналған жабдықтар» тақырыбы бойынша аналогтар таңдау және оларға талдау
9. «Жалпылай пайдалануға арналған жабдықтар» тақырыбына фор-жоба жасау
10. Нормативтік құжаттармен, ҚНЖЕ танысу, ақпараттарды жинау және өңдеу
11. Конструкциялық элементтер негізінде «Аялдама павильоны» тақырыбына көлемді клаузура жасау
12. Нысанды композициялық үлгілеу бойынша жаттығулар жасау
13. Әрбір студент «Аялдама павильоны» тақырыбындағы курстық жоба бойынша презентация дайындау
14. Аялдама павильонының жұмыстық макетін жасау
- 15 Энергиялық тиімді және экологиялық таза материалдарды пайдалану

бойынша видео-презентация дайындау

16. Антураж, стаффаж нұсқаларын таңдау.
17. Курстық жобаны орналастыру және безендендіру нұсқаларын таңдау
18. Сәулеттік безендіру
19. Таза макетті дайындау үшін материалдар таңдау
20. Таза макетті орындау (Аялдама)

Студенттер білімін бағалау критерийлері

Пән бойынша емтихандық баға аралық бақылау (60%-ға дейін) мен қорытынды бақылаудың (40%-ға дейін) ең үлкен үлгерімдік көрсеткіштерінің қосындысы түрінде анықталады және ол кестеге сай, 100%-ға дейін болады.

Пән бойынша берілген тапсырмаларды орындау мен тапсыру кестесі

| Бақылау түрі | Тапсырма мақсаты мен мазмұны | Ұсынылатын әдебиеттер | Орындау ұзақтығы | Бақылау түрі | Тапсыру мерзімі | Балдар |
|---|---|--|------------------|--------------|------------------|--------|
| Сабаққа қатысу | Оқу үдерісін бақылау | - | 15 апта | Ағымдық | 1-15 апта | 3,0 |
| Дәрістер конспектісі | Оқу үдерісін бақылау | Дәрістер конспектісі | 15 апта | Аралық | 7, 14 апта | 4,0 |
| Графикалық экспресс-тапсырма | Жобалау дағдыларын бекіту | [1], [2], [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9] дәріс конспектісі | 15 апта | Аралық | 7, 14 апта | 4,0 |
| КЖ тақырыбына аналогтарды таңдау рефераты | Материалды тереңдете меңгеру | [12], [13], [14] | 15 апта | Аралық | 7, 14 апта | 4,0 |
| СӨЖ тапсырмаларын орындау | Теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды бекіту | [1], [2], [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9], [14] | 15 апта | Ағымдық | 1-15 апта | 15 |
| СӨЖ тапсырмаларын орындау | Теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды бекіту | [1], [2], [3], [4], [5], [6], [7], [8], [9], [14], дәріс конспектісі | 15 апта | Ағымдық | 1-15 апта | 15 |
| Курстық жобаны орындау | Сәулеттік жобаны дайындау және безендіру дағдыларын меңгеру | Негізгі және қосымша әдебиеттердің барлық тізімі | 15 апта | Қортынды | 15 апта | 15 |
| Емтихан | Пән материалының меңгерілуін тексеру | Негізгі және қосымша әдебиеттердің барлық тізімі | 3 контакт-сағат | Қортынды | Сессия кезеңінде | 40 |
| Барлығы | | | | | | 100 |

Саясат және процедуралар

«Сәулеттік жобалау I» пәнін меңгеру барысында студенттер келесідей ережелерді орындаулары керек:

1. Сабақтарға кешікпей келу.
2. Себепсіз сабақтарды босатпау, ауырған жағдайда анықтама қағазын әкелу, себепсіз болса, түсініктеме жазу.
3. Студент сабақтардың барлық түріне қатысуға міндетті.
4. Оқу үдерісінің күнтізбелік кестесіне сай бақылаудың барлық түрін тапсыру.
5. Босатылған практикалық сабақтарды оқытушының көрсеткен уақытында өтеу.
6. Оқу үдерісіне белсене қатысу.

Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Степанов А.В., Мальгин В.И., Иванова Г.И., Кудряшев К.В., Мелодинский Д.Л. под ред. Степанова А.В. Объемно-пространственная композиция. М., изд. «Архитектура-С», 2004
2. Кудряшев К.В. Архитектурная графика. –М., 2006.
3. Георгиевский О.В. Художественно-графическое оформление архитектурно-строительных чертежей: Учебное пособие. – М: Архитектура-С, 2004.
4. Стасюк Н.Г., Киселева Т.Ю., Орлова И.Г. Основы архитектурной композиции. Учебное пособие. – М.: Архитектура-С, 2004.
5. Гаврилова М.М., Тосунова М.И. Архитектурное проектирование. Академия, 2009.

Қосымша әдебиеттер тізімі

6. Тиц А.А., Божко Ю.Г. и др. Основы архитектурной композиции и проектирования. Киев. «Будівельник»
7. Гаптил А.Л. Работа пером и тушью. –Мн.: ООО «Попурри», 2004.
8. Гайдина В.В. Выявление объемно-пространственной формы: Методические указания. – Алматы: КазГАСА, 2001.
9. Абдрасилова Г.А., Малыгина Т.С. Моделирование объемных форм в макетировании: Методические указания. – Алматы: КазГАСА, 2004.
10. Новикова Г.А. Малые архитектурные формы. Методические указания. – Алматы: КазГАСА, 2000.
11. СНиП РК 3.01-03-2010 Правила по благоустройству территорий населенных пунктов.
12. Калмыкова Н.В., Максимова И.А. Макетирование. -М., «Архитектура-С», 2004.
13. Николаевская И.А. Благоустройство городов, - М.: Высшая школа, 1990.
14. Дизайн. Иллюстрированный словарь-справочник. Под общ. ред. Г.Б. Минервина – М.: «Архитектура-С», 2004.

**СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША
ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

SZh (I) 1311 «Сәулеттік жобалау I» пәні

SZhN 7 «Сәулеттік жобалау негіздері» модулі

31.03.2004 ж. № 50 мемл. баспа. лиц.
Басуға _____ 20__ ж. қол қойылды. Пішімі 60x90/16. Таралымы _____ дана.
Көлемі ._____ оқу бас.т. № _____ тапсырыс. Бағасы келісімді

ҚарМТУ баспасы., 100027, Қарағанды, Бейбітшілік б., 56